

сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның педагогикалық идеяларындағы сабақтастық тереңде жатыр. Ол негізінен оқыту, білім беру және тәрбиемен тығыз байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ұлы педагог Ы.Алтынсарин** – көрнекті ақын, жаңашыл жазушы
<https://articlekz.com/kk/article/>
2. **Ы.Алтынсарин** шығармалар жинағы Т.1 / Алматы: Білім, 2014 ж.
3. **Ы.Алтынсарин** «Қазақ әдебиеті» / Алматы: Ғылым, 1979, 110-129 б.
4. **Д.Қамзабекұлы** «Оқу құралдарын жасаудағы Ыбырай Алтынсариннің дәстүрі» / Алматы: Эверо, 2016.

ӨОЖ 37

АЛТЫНСАРИН ТӨСБЕЛГІСІ – ҮЛКЕН АБЫРОЙ, ЗОР ДӘРЕЖЕ

Жайлаубаева И. Ж. – арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, «Шабым» сыйлығының лауреаты, Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі.

Мақалада даланың дара ұстазы Ы.Алтынсарин төсбелгісі туралы оның шығу тарихы мен берілу тәртіптерін егжей-тегжейлі баяндаған. Сонымен қатар Рудный қаласындағы кәсіптік білімнің қарашаңырағы Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінде бар саналы ғұмырын мамандар даярлау ісіне арнаған Алтынсарин төсбелгісіне ие болған ардагер ұстаздарымыз жайында да сөз болады.

Түйінді сөздер: Ы.Алтынсарин, ұстаз, төсбелгі.

Ұстаздықтың қоғам алдында өте жауапты мамандық екені баршаға аян. Ол адамзаттың санасында адамгершіліктің нақты үлгісі ретінде жақсы мінездің жанды өкілі болып қалыптасты. Танымал ресейлік педагог Ш. Амонашвили : «Мемлекеттің болашағын қалыптастырудағы басты рөл ұстаздың еншісінде», деп айтқан болатын. Шындығын да болашағын ертеден болжаған кез-келген мемлекет ең алдымен білім беру ісіндегі басты тұлға мұғалім еңбегіне ерекше құрметпен қарауы тиіс. Себебі, ұлағатты ұстаз еңбегін еш нәрсемен өлшеуге болмайды. Өйтсе де Ұстаз беделін қоғам алдында көтерудің негізгі бір жолы ұстаз еңбегін елеп, шынайы марапатқа ұсынып, абыройын асқақтатып құрмет тұту. Сонда ғана ұстаз ұғымы қай кезде болмасын қадірлі болмақ.

Қоғамда өнер адамдары мен спорт жұлдегерлерін риясыз сыйлап, пір тұтсақ, ұстаздарға деген құрметте солармен деңгейлес болу керек. Себебі кез-келген талант иесі ұстаз алдынан әріп танып, төлім – тәрбие, шексіз білімді бойға сіңіріп , үлкен өмірге бағыт алады.

Соңғы уақытта қоғамда ұстазға деген құрмет айрықша екендігі баршаға аян. Бүгінде қарапайым мұғалім мамандығының құқығын қорғайтын әрі ішкі мүмкіндіктерін өлшеп бағалайтын «Педагог мәртебесі» заңы 2019 жылы 27 желтоқсанда № 293-VI ҚРЗ. қабылданып өз жұмысын бастап кетті. Бұл нормативтік құжат мұғалім мамандығына жауапкершілікті арттырып қана оған қоймай құрметпен қараудың алғышарты болып саналады. Заңның 8 бабында көрсетілгендей педагогтің көтермелену құқығы арнайы шарттармен жүзеге асырылады.

Елбасы Н.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында ұстаз еңбегін ерекше атап, қолдан келген барлық мүмкіндіктерді қарастыруда. Әлемдік деңгейге көтерілуді мақсат тұтқан еліміздің үздіксіз білім беру жүйесінде үнемі шығармашылықпен айналысатын, дарындылықты дәл тауып аша білетін, кәсіби шеберлігі тым жоғары, ақпарат ағымына ілесе алатын, өзіндік ой пікірі бар, жаңашыл жан-жақты ұстаздардың бірегейлерін арнайы мемлекеттік «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және Алтынсарин төсбелгісі сынды мәртебелі марапаттарға лайық деп санайды. «Педагог мәртебесі» заңында көрсетілгендей : «Педагогтің аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін оған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағы беріледі.» Міне осындай мемлекеттік марапаттардың арасында өзінше бір төбесі – Алтынсарин төсбелгісі [1].

«Ы. Алтынсарин» төсбелгісі – 2000 жылдың 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру және ғылым саласындағы белсенді оқытушыларын және педагогика қызметкерлерін ынталандандыру мақсатында және моральдық өсу үшін тағайындалған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №1159 министрліктің қаулысы бойынша бекітілген марапаты.

Бұл марапаты марапатқа ие болу қарапайым ұстаздың ұлы қызметінде зор дәреже, үлкен

абырой.

Аталмыш төсбелгінің иегері үлкен жүрек пен асқан білімділік, шынайы шеберлік бір сөзбен айтқанда өз мамандығының хас шебері болуы тиіс. Ғылыми деректерге сүйенетін болсақ, Қазақ КСР-нің Министрлер кеңесінің 1983 жылғы 8 ақпандағы №61 қаулысы бойынша бекітілген ережеге сай Ы. Алтынсарин атындағы медальмен мұғалімдер және оқу, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің, халыққа білім беру органдарының, педагогикалық ғылымның өскелең ұрпақты оқытуда және коммунистік тәрбие беруде, халықты оқыту ісін, педагогика және психологияның теориясы мен тарихын, оқыту әдістері мен формаларын дамытуда ерекше көзге түскен басқа да педагогикалық қызметкерлер марапатталады. Сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы медальмен марапаттау жылына бір рет Қазақ КСР оқу министрлігінің алқа жиынында жүргізілетін болған. Белгі сипаттамасы: Белгі құлпырмалы қалың жібек лентамен планкаға бекітілген, дөңгелек мыс және никель қоспасынан дайындалады. Белгіде Ыбырай Алтынсариннің кеудеден жоғары түскен бейнесі бар. «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші тынымсыз адал қызметтің өз уақытысында әділ бағасын алуы көңілге нұр ұялатады.



1- сурет.

Уақыт өте келе, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2007 жылдың 20 қарашасындағы №373 бұйрығы бойынша қайта қабылданған Алтынсарин атындағы төсбелгісімен өз мамандығының майталмандарына, ұлт ұстазының ізін қуған білікті де білімді педагогтерімізді марапаттау жыл сайынғы игі дәстүрге айналды.[5]

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2013 жылғы 8 тамыздағы № 324 бұйрығымен бекітілген Білім және ғылым қызметкерлерін көтермелеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес : «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен білім беру мен тәрбиелеу үдерістерін ұйымдастыру мен жетілдірудегі, оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығын қамтамасыз етудегі, білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын іске асырудағы елеулі табыстары, оқушыларды, тәрбиеленушілерді практикалық даярлаудағы, олардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы табыстары, облыстық (аудандық), республикалық халықаралық білім бағдарламалары мен жобаларындағы жетістіктері үшін білім беру органдары мен ұйымдарында 10 және одан да көп жыл еңбек өтілі бар қызметкерлер марапатталады.

Өңіріміздің ұстаздары да ұлт ұстазы атындағы төсбелгіге қашанда лайық екенін үнемі дәлелдеп жүр. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Қостанай облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының төл сайтында жинақталған «Ыбырайдың ізбасарлары» тақырыбындағы Қостанай облысының педагогикалық қызметкерлері туралы деректер қортындысынан Алтынсарин төсбелгісіне ие болған нағыз ұстаздардың есімдері орын алған. Атап өтетін болсақ, Мәжітов Уәліхан, Дүйсенбаев Мағжан, Жәркенов Кәрімбай, Бекбосынов Жұмағазы, Дәулетова Орал, Сүймеков Досмағұл т.б қарапайым ұстаздық жолда өз қатарластарынан оқ бойы озып өз істерінде дараланған олар ел мақтаныштары. [3.7]

Алтынсарин төсбелгісіне ие болу ұзақ жылдардың тынымсыз еңбегінің жемісі деп топшылаймын. Бір ғана Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің өзінен бірнеше ұлағатты ұстаздарға Алтынсарин төсбелгісі табысталды. Олар : Сүймеков Д, Бисенбаева А.А, Сүйінкина П.Б, Сарсембаева М.С, Тұрағұлова Б.Т, Құсайын Ж.Қ. Олардың әрқайсысының білім саласына қосқан сүбелі үлесі мен айшықты жолы ерекше. Қажырлы еңбек етіп, көпке үлгі болған ұстаздардың марапаттың биігінен көрінуді құба-құп.

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген екен. Сондай ұлықтауға да ұмытпауға да тұрарлық, ұстаздық қасиет өн бойынан табылатын жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде айрықша орны бар ұстаздардың ұстазы деуге лайық аталмыш оқу орнына көп жылдар бойы басшылық еткен халық

ағарту ісінің озаты ,Ы.Алтынсарин меделінің иегері Д.Е.Сүймеков жайлы аздап сөз қозғамақшымыз. Қандай марапатқа болса да лайық жандардың бірі де бірегейі Досмағұл Сүймеков Алтынсарин төсбелгісіне 1992 жылы ие болды. Ол ғибратты ғұмырын білім саласына арнаған асыл жан, Қазақ КСР-і халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының құрметті қызметкері. Ұлт ұстазының есімін иеленген төл тарихының тамыры тереңге тартқан аталмыш білім ордасына жиырма жылдан артық тапжылмай басшылық еткен болатын. [2.45]

Кейін колледж басшысы болып, бұрынғы түлек , білікті маман Досмағұл ағайдан басталған Ыбырайды ұлықтау дәстүрін үзбеген Құсайын Жомарт Қоңырбайұлы да аталмыш төсбелгіге лайық деп танылды. Ұлы ағартушы есімін иелеген білім ордасында Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларын зертету, кеңінен насихаттау, оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану жұмыстары әрдайым жүргізіліп келеді. Бұған әріге бармай-ақ, бір-екі жылда ғана атқарылған іс-шаралардан дәйектер келтірсек, әбден көз жеткізуге болады.

Атап айтар болсақ, тек қана биылғы жылдың өзінде студент-жастар үшін тәрбиелік мәнге толы бірқатар іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткен болатын. Айта кететін болсам, Қостанай облыстық мемиориалдық мұражайының қызметкерлерімен бірлесе «Даланың дара ұстазы» жобасының аясында «Ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің естелік орындары» атты маршрутының екінші кезеңі ұйымдастырылды. Облысымыздың бірқатар мектептерінен жиналған ұстаздармен оқушылар, тіпті өз қызығушылықтарын танытқан ынталы топ мүшелері де колледж қабырғасындағы Ы. Алтынсарин мұражайын аралады. Ұлт ұстазын ұлықтау әрі қарай өз жалғасын қалалық мәнерлеп оқу сайысын өткізуімен жалғасын тапты. Үздіктің үздіктері жаңа оқу жылына колледж қабырғасында тегін оқуға мүмкіндік беретін арнайы сертификаттармен марапатталды.

Биылғы оқу жылы да ерекше әсер қалдырып жақсы жаңалықтарымен басталды. Ауқымды мерейтой қарсаңында колледж түлегі , арнайы пәндер оқытушысы, ұзақ жылдан бері қызмет етіп келе жатқан еңбекқор , шеберлігі жоғары , адами қасиетті бағалайтын Тұрағұлова Балжұма Темірбекқызы да Алтынсарин төсбелгісін иеленді.

Осы орайда колледж қабырғасынан қанат қағып ұшқан түлектердің де осынау үлкен марапатқа ие болғандығын естіп, білгенде қуанамыз. Себебі олар өздері оқыған білім ордасының абыройын асқақтатып, ұстаздарының үмітін ақтай білді. Өзіміз оқытқан студенттеріміздің ішінде де бүгінде ел құрметіне бөленіп, басшылық қызметтерде еңбек етіп жүргендері баршылық. Қай түлектеріміз болсын, қазіргі жеткен жетістіктеріне бастау болған Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжіне дән риза. Кәсіби тұрғыдан қалыптасудың алтын дәні осынау білім ордасында алғаш бұр жарып, өсіп-өнгені мақтан етеді.

Сондай талантты шәкірттеріміздің бірі де бірегейі «Бастауыш білім беру» мамандығында білім алған Байжанова Гүлжанат . Соңғы уақытта еліміздегі карантиндік жағдай білім беру саласына да өз ықпалын тигізгені анық. Алайда тығырықтан жол таба білген Білім және Ғылыми министрлігі қашықтықтан оқытудың оңтайлы әдістерін таба білді. Online мектеп арнайы жобасы аясында алдын ала 200-ге тарта білікті ұстаздардың ізденісі мен бейнесабақтар дайындалып республикалық Балапан және Ел арна телеарналарында ұсынылды. Солардың арасында біздің түлегіміз Гүлжанатта болды. Ол 2015 жылдан бері Ақмола облысына қарасты Қосшы қаласының Қосшы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етеді. Оның дайындаған сабақтары үздік деп танылып ұлы ағартушының төс белгісімен марапатталды. Ұстаздардың ұстазы Ыбырай бабамыздың өсиетіне лайық болмаққа бел бұған түлегіміздің арманы асқақ, мақсаты айқын. Бұл жас болса да бас бола білген дарынды ұстаздың кәсіби өсу, өрлеу жолындағы сүбелі жемісі.

Осындай мұғалімдік мамандыққа өзінің саналы ғұмырын арнаған абзал жандардың ардақталуы заңдылық. Еселі еңбек еленді деп осындайда айту керек шығар сірә!

Әдебиеттер тізімі

1. Педагог мәртебесі туралы заң. 2019 ж.
2. Ортақ тағдыр және тарих. Рудный , 2010 ж.
3. Алтынсарин оқулары. Білім. 5-7 бет, 2005 ж.
4. Ы.Алтынсарин. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 18-21 бет, 2003.
5. kk.wikipedia.org/wiki/Ы._